

Пікір

Мен Жанайхан Найла 2015-2019 жылдар Павлодар педагогикалық институтының «Математика және физика» мамандығында оқып бітірдім.

Студентті болған кезден бастап осы оқу орнының білімгер-оқытушы профессор құрамына өте риза болдым. Осы жыл мерзім ішінде жоғары білікті маман болып қалыптасуыма, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтауға көмектескен және қызметін адал атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін оқытушы-профессорларға алғысым шексіз.

Университеттің бізге, мен сияқты жастарға берген құнды тәжірибесі болашаққа бізге үлкен тірек болды. Оқу барысында оқытушыларымның жетекшілігімен көптеген ғылыми жобаларға, халықаралық конференцияларға, сайыстарға қатысуым ғылым жолымдағы тәжірибемді жетілдіруге көп көмектесті.

Оқудағы белсенділігі мен жетістіктерім үшін Павлодар мелекеттік педагогикалық университеттің «Үздік студент – 2017» атты дипломымен марапаталдым.

Университет оқумен шектелмей түрлі орнының әлеуметтік, саяси, материалдық, тәрбиелік мәселелерді жақсы ұйымдастыра білді.

Осы институттан білім тәжірбиемнің арқасында 2019 жылы Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің «Математика және статистика» мамандығына магистратура түстім.

Әр жоғары оқу орнының жұмысының көрсеткіші ол түлектерінің еңбек жолындағы үздік жетістіктері деп білем. Сондықтан осы оқу орнын бітіргенім мен үшін зор мақтаныш. Осы орайда Павлодар мемлекеттік институтының қоғамның барлық саласында белсенді еңбек етіп, алдыңғы қатарлы түлектерінің атынан үлкен алғысымды жеткіземін.

Жаратылыстану ғылымдарының магистрі Жанайхан Н.Е.